| Сабақтарда бағалаудың дұрыс қолданылмауы;<br>Қалыптастырушы бағалауды күнделікті сабақта тиімді колданылмауы;<br>Мұғалімдердің сабақты зерттеу жұмысына толық қатыспауы;<br>Серіктес мектеп мұғалімдерінің көпшілігі -Lesson Study курстарын<br>оқымағандығы. | Серіктес мектептер пән мұталімдерінің ұжымдасуымен<br>окушылардың білім сапасын көтеру;<br>Мектептерде іс-әрекетті зерттеу жұмыстарын жүйелі<br>түрде жүргізу;<br>Пән мұталімдерінің сабақты зерттеу жұмыстарына<br>жүйелі көмек көрсету. |

#### SWOT талдау

| Элді жақтар (басқалар алдында басымдық беретін ұжымның<br>қасиеттері) | Олсіз жақтар (оқу орнының жұмысын әлсірететін қасиеттер)              |
|---|---|
| Мұғалімдерлің 60 % -ы шығармашылық потенциалы жоғары;                 |   |
| Мұғалімдердің білімін жетілдіру бағыты айқындалған ;                  | Орта буынның білім сапасы мектептің білім көрсеткішінен<br>төмендігі: |
| Мұғалімдердің FTIК мен байқауларға қатысуы өсуде                      | Олимпиада, интеллектуалдық байқаулардан жүлделі орын                  |
| Қоғамдық-әлеуметтік серіктестіктің болуы (жетекші мектеп);            | республикалық,халықаралық денгейде аз болуы.                          |
| Окушылардың дарындылық кабілетін арттыру жұмыстары                    | <ul> <li>Еылыми жоба жазу көрсеткішінің аздығы;</li> </ul>            |
| жүзеге асырылуда  | Авторлық бағдарламалар көрсеткіплінің аз болуы:                       |
| NIS мектептерінің іс-тәжірибесін енгізуі, озат тәжірибе алмасуы;      |   |

| Мүмкіндіктер (мақсатқа жетуге қосымша мүмкіндік беретін<br>сыртқы факторлар)   | Қауіпті жақтар (мақсатқа жетуді қиындататын сыртқы ықтимал<br>факторлар)   |
|--|--|
| Көшбасшылық, дарындылық, зияткерлік қабілеттері бар окушылар санын арттыру; зерттеулі іске асыратын топтарды, жұмыс жоспарын, зерттеу тақырыбы мен зерттеу сұрағын құру; Біліктілікті арттыру курстарынан кейінгі бірлескен іс-шаралар ( мысалы, біріккен топтар күндері); Жетекші және серіктес мектептердің мұғалімдерінің түрлі әдістемелік аландарда, кездесулерде, вебинардарда тәжірибе алмасуы; | Ата-аналардын мектеппен ынтымактастығының бәсеңдеуі;<br>Сапасы жоғары окушылардың инновациялық мектептеріне ауысуы;<br>Жалпы отбасы құндылықтарының әлсіздігі және бала тәрбиесінде<br>жас ата-аналар жауапкершілігінің төмендігі. |

#### 3.3 Оку-тәрбие, тәлімгер жұмысы

Қазақстандық білім беруді жаңғырту тәрбисні білім берудегі маңызды басымдық ретінде оқыту мен дамыту процесіне кіріктірілген педагогикалық іс-әрекеттің құрамдасы болуын көздейді. Оқытудың өмірмен байланысының күшейтілуі оқыту әдістерінің тәрбиелік ықпалын күшейту туралы, тәрбие және білім беру жұмыстарының бірлігі жайындағы мәселені алдынғы орынға шығаруда. Тұлғаны қалыптастыру - өзін-өзі ұйымдастыру, отбасы және қоғамдық тәрбиелеу мен ағартудың ұзақ табанды және мақсатты процесінің нәтижесі.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары:

- 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
- «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV
   Заны;
- б) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы
   2 шілдедегі № 169-VI Заңы;
  - 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
  - 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 желтоқсандағы No 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

 КР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;

10) ҚР БҒМ 2023 жылғы 7 амызындағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың

тұжырымдамалық негіздері

2023-2024 оку жылында тэрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негіздері шеңберінде іске асырылды.

Өскелен жас ұрпақты рухани - адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу - барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз жас рпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертені болар бүгінгі балалар мен жасәспірімдерді тәрбиелеу, леуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарынын бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір - бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие мен мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым - Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шанырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал Азамат» атты ІІ Ұлттық құрылгайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі» - дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: -ең бастысы, әр азаматтың сана -сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - эйтпесе, басұқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап кетті. «Біртұғас тәрбие» бағдарламасы - ұлттық , адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады Жалпыаламзаттық және ұлттық кұндылықтарды бойына сінірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері: 1. Ата -ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тэрбиелеу. 2 . Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік ромәздерді құрметтеуге, татаулық келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен м смлекетшілдікке тәрбиелеу. 3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыстастыру. 4. Денсаулықты кадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақғылыққа баулу. 5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға торбиелсу және еңбеккорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже: 1. Ата -анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектіліқ» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді. 2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті кұрметтейді, салт – дәстүрлерді біледі, оны сақтайды. 3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге ұұрмет көрсетеді, ар -ұятты жоғары бағалайды. 4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай – күйін басқарады. 5. Тұратын үйін, ауласын қаласын таза ұстайды, коғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен ұарайды, табиғатқа жанашыр және туған жерлін қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей юолмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР - ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мұдде құндлығы- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу; - Қазақстанның онайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу; - Ұлттық мұраға ұқышты қарау; - Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту; - Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; - Қоғам игілігі үшін қызмет ету; - Қазақстанның қауілсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; - Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі - Отаншыл, мемлекетініл және намысшыл - Мемлекеттік рәміздерді кадірлеуді - Елінің тарихын құрметтейді - Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді. Ұсыным - Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары.

Ар - ұят құндылығы – Академиялық адалдық қағидатын қолдау; - адал еңбекті құрметтеу; - Сөзіне берік, ісіне адал болу; - Халқына адал қызмет ету - Әдеп нормаларын ұстану; - Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну; - Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамкор болу, мейрімділік таныту; - Өзін отбасының, сыныптың, мектептің , қоғамның, Отанның бірмүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі: - Ар – ұят, адалдықты жоғары бағалайды; - Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады; - Ата -анасына сүйіспеншілікпен қарайды; - Достарын, сыныптастарын сыйлайды; - Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы: - Сыни ойлау және креативті ойлау; - Жеке және командамен жюмыс істей білу; - Білуге, жаңаны тануға құштар болу; Физикалық белсенді болу; - Салауатты өмір салтын ұстану; - Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету; - Дұрыс қарым - қатынас орната білу; - Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі: - Жан мен тән тазалығын сақтайды; - Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді; - Қоршаған орта тазалығын сақтайды; Ұсыным - Ақпараттық, медиа және қаржылық -сауаттылық; - Ізденімпаз, жасампаз тұлға. 2023-2024 оку жылының басталуына арналған 1 қыркүйек Білім күнін және «Мектеп - мейірім мекені»тақырыбында бірынғай сынып сағатын өткізу.

Қыркүйектің бірінші күні мектепте білім күніне арналған салтанатты жиын өтті.Бірынғай тәрбие сағатының тақырыбы «Мектеп мейірім мекені». Мақсаты жана оқу жылының басталуы қарсанында білім алушылардың бойында жағымды көңіл- күй, оң көзқарас калыптастыру.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2023-2026 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оку-тэрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриогтық, рухани-адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірынғай идеологиялық тәсілдер мен ұлттық құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылды.

Тұлғаның өзін өзі билеуін, өзін өзі жүзеге асыру, отбасы және білім беру мекемелері педагогикалық ұғымдарының өзара іс-әрекеті ушін жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында тәрбиенің нақты мақсаттары мен міндеттерін анықтау, тәрбие кеңістігін модельдеу рухани тұлға қалыптастырудың негізі болады.

Мектеп тәрбие тұжырымдамасының бағыттарын жүзеге асыру үшін үздіксіз жұмыс жасап, жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуы, оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау, баланың тәрбиеленуі, ана тілі мен салт-дәстүрлерін сақтауы, денсаулығын нығайту, қазақстандық патриотизмге, төзімділікке, жоғары мәдениеттілікке және құқық пен еркіндікті құрмет тұтуға тәрбиелеу мақсатында іс-шараларды жүзеге асырылды.

Тэрбие жұмысы төмендегі бағыттарды негізге ала отырып, іске асырылды:

- 1. Ұлттық мүлде
- 2. Ap-yar
- 3. Талап

Сопымен, аталған оқу жылдарында

- 1. «Окуга куштар мектеп»
- 2. «Балалар және театр»
- 3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
- 4. «Ұшқыр ой алаңы»
- 5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
- 6. «Ұлттық мектеп лигасы»
- 7. «Ғаламтор кауіпсіздігі»
- 8. «Төрт токсан төрт өнер»
- 9. «9 ай 9 ic шара»
- 10. «Ата -аналар мектебі»

Әдістемелік нұсқау хат бойынша оқу-тәрбие багдарламасын іске асыру шеңберінде берілген жобалар бойынша шаралар ұйымдастырылып, құжаттары жинақталды.

Мектептің тәртіптік-тәрбиелік жағдайы:

| Оку жылы | Оку-тэрбие процесі кезінде білім беру ұйымының аумағында білім алушылардың/ тәрбиеленушілердің, кызметкерлердің денсаулығына зиян келтіруге экеп соққан тіркелген жарақаттану | ік<br>эрекетте<br>рдің<br>саны | Дін жолын<br>ұстанатынд<br>ар | Білім алушылар<br>жасаған құқық<br>бұзушылықтардың<br>болуы | Ерте<br>жастан<br>жүктілікті<br>ң тіркелуі | Сыбайлас<br>жемкорлық<br>эрекеттеріні<br>н<br>байкалуы | пь<br>тіркелге<br>н<br>окуппыл<br>ар | Арыз-<br>шағымдар<br>дың<br>тіркелуі |
|----------|---|--------------------------------|-------------------------------|---|--|--|--------------------------------------|--------------------------------------|
|          | жағдайларының болуы   |                                | 30                            | -   |  | -  |                                      | -                                    |

#### «Кауіпсіз мектеп ортасын» калыптастыру

|          | бейнекамералар саны | Ішкі<br>бейнекамералар<br>саны | Бейнекамералардан<br>орталақтан<br>басқарылу<br>мүмкіндігі | Мектеп инспекторы | Іпкі эжетханамен<br>қамту |
|----------|---------------------|--------------------------------|--|-------------------|---------------------------|
| 023-2024 | 23                  | 33                             | +  |                   | +                         |

2023-2024оку жылдары бойынша окушылардың спорттык, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдер

| And the second s | , merancicpinii cu | пыстырывалы көресткий |          |               |             |
|--|--------------------|-----------------------|----------|---------------|-------------|
| Оку жылы   | Окушы саны         | Аудандық              | Облыстык | Республикалық | Халықаралық |
| 2023-2024 оку жылы   | 716                | 105                   | 25       |               |             |

2023-2024 оқу жылында жоспарға қойылған шаралардың барлығы уақытында жауапкершілікпен өткізілді. Тәрбиенің үш бағыты бойынша жоспарланған шаралармен қоса жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бағытында түшгі рейд, ішкі істер қызметкерлерімен тығыз байланыс жасалып, алғашқы әскери далалық жиын өз деңгейінде өткізілді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында өткізілген шаралармен бірге оқушылар арасында «100 кітап», «100 ән», «Ақындар жырлайды» жобалары іске асырылды.

Ұлттық тәрбие бағытындағы ұйымдастырылған шаралармен қоса мектепте қолөнер, ұлттық ойындар ойнау, ұлттық тағамдар жасаумен окушылар үнемі айналысты.

Отбасылық тәрбие бағыты бойынша өткізілген шаралармен қоса, «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» өз жұмысын ұйымдастырып, өткізді.

Ғаламтор қауіпсіздігі жобасы аясында жоспардағы атқарылған шаралармен бірге «Қоғамға қызмет» жобасы іске асырылды. Көпмәдениетті және көркем - эстетикалық тәрбие бағыты бойынша «100 күй» жобасы іске асырылып, оқушылардың домбыра үйірмесіне қатысу деңгейі жоғарылады. Сонымен бірге көркем еңбектен оқушылардың қолдан жасалған бұйымдары жоғары көрсеткіштерге жетті.

Зняткерлік тәрбие, ақпараттық, кибермәдениет және кибергигиена мәдениетіне тәрбиелеу бағытындағы өткізілген шаралармен бірге мектепте АРТ студия жұмыс жасап, окушылардың дағдылары қалыптасты.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты бойынпа жоспардағы шаралармен бірге дене шынықтыру сабақтарында ата-аналармен бірге түрлі сайыстар, байқаулар өткізілді.Республикалық спорттық флешмофтар өткізілді.Түрлі байқаулардан жүлдегерлер саны артты.

1-8сыныптар арасында жолда жүру ережелері бойынша міндетті оқу бағдарламасы оқытылып ,түсіндірілді. Нэтижесінде жолкөлік оқиғалары орын алған жоқ Ішкі істер жол қызметкерлерімен кездесулер, дөңгелек үстелдер, түсіндіру жұмыстары уақытылы өткізілді.

Мектепте аға тәлімгер Республикалық Бірынғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының бағыты бойынша қызмет атқарады,

Ұйымның мақсаты өскелен ұрпақтың бойында патриоттық сезімді, білім мен өзін-өзі жетілдіруге ұмтылысты, іске жауапкерипілікпен қарауды, ел тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына қатыстылықты қалыптастыру.

2011 жылдың 7 желтоқсанында ҚР Білім және ғылым вице-министрі, РҚБ «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы Кеңесінін мүшесі М.Сарыбековпен келісілген, РКБ «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының төрайымы Н.Бөлтіріковамен бекітілген Республикалық Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысы туралы ережесі шықты. Жұмыс барысында осы ережені және Актөбе облысы, Алға ауданы, Бестамақ орта мектебі «Жас Ұлан» ББЖҰ – ның әдістемелікакпараттық анықтамалығын басшылыққа алып, жұмыс атқарудамыз.

«Жас Ұлан» ұйымы мүшелерінің өз кұкыктары мен міндеттері және атрибуты бар. «Жас Ұлан» ұйымының максат – міндеттерін жүзеге асыру барысында біздің мектептің окушылары өз үлестерін қосып келеді.

«Жас Ұлан» ұйымы жеті бағыт бойынша жұмыс атқарады.

Руханнят- жоғары рухани-адамгершілік құндылықтар, гуманистік, көркем - эстетикалық касиеттерге тәрбиелеу бағыты бойынша «Қарттар – тарих, қазына, ел қазыны», «Ұстаз –ұлы есім» тақырыбында концерттік бағдарлама, «Тәрбие бастауы - отбасында» атты ата – аналар мен оқушылар арасында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Отан-елін, жерін, құндылықтарын сую, қазақстандық патриотизм рухын қалыптастыру бағыты бойынша жас ұландықтармен мен «Тұғырлы елдің – тұлғалы Президенті», «Елімнің еркіндігі -Тәуелсіздік» тақырыптарында тәрбиелік шаралар, «Менің елім» әскерипатриоттық әндер байқауы, «Ауғанның жалыны» атты кездесу кеші ұйымдастырылды.

Зерде — зерделі түрде алдына мақсат қойып, оған жете білу, жобалар жасап, жүзеге асыруға жетелеу бағыты бойынша «Қазақстанның болашағы қазақ тілінде» атты тәрбиелік шаралар, жар газеттері шығарылды. «Мың бір мақал, жүз бір жамбас білім сайысы, «Жасай бер, қазақ тілі, ана тілім!» атты КТК ойындары ұйымдастырылды.

Салауат-бойларын жаман касиеттерден аулақ ұстайтын, салауатты өмір салтын ұстанған 'спортпен шұғылданатын, тәнін түзулікке баулитын бағыты бойынша «Салауатты өмір - нұрлы болашак», «Менің денсаулығым – менің болашағым", «Толағай» отбасылық сайысы, "Мен және менің отбасым" тақырыбында отбасылар арасында спорттық сайыс, «Бақытым да, байлығым да — денсаулық» тақырыбында өнеге сағаты, «Отбасым - байлығым» атты эстафеталық сайыс өткізілді.

Еңбек - мектеп қабырғасынан белгілі мамандыққа бейімделу, кәсіби үйірмелерде жұмысқа тарту бағыты бойынша «Мамандық — өмір таңдауы» тақырыбында кездесу, «Адам еңбекпен шыңдалады» атты колонер көрмесі, «Мен таңдаған мамандық» атты тәрбиелік шарасы ұйымдастырылды.

Экоалем - қоршаған ортаны аялау, жан-жануарларга қорған болу, экологияны жақсартуға бағытталған жобалар жасауға баулитын багыты бойынша «Табиғат сенің өз үйін» тақырыбында сурет көрмесі, «Күзгі жәрмеңке», «Күрең күз күліретіне тағзым еттім тақырыбындабайқау, «Табиғатты аялайық» шарасы аясында мектеп бітіруші жасұландықтар мектеп ауласына гүлдерін отырғызды.

Жеті жарғы – жас азаматтарды өзіндік, әлеуметтік тұрғыдан заң білу мәдениетіне, қоғам алдындағы құқығы мен міндетін түсіндіру бағыты бойынша «Ардагерлерді ардақтайық», «Анаға құрмет» акциялары, «Құқықтық сауаттылық – заман талабы» тақырыбында кітап бұрышы, «Құқық бұзушылық неден басталады?» түсіндіру шаралары өткізілді.

Әр оқу жылына жұмыс жоспары жеті бағыт бойынша жасақталып, осы жоспар бойынша жас ұрпақты өзара сыйластық пен патриотизм. Отанына және халқына адал қызмет ету принципіне негізделген патриоттық тәрбиелеу жөніндегі дәрістер, дөңгелек үстелдер өткізілді. Сонымен қатар жасұландықтар мектепішілік түрлі шараларға, қайырымдылық акцияларына белсене қатынасып еріктілер қатарынан көрініп жүр.

#### 3.4 Мектеп психологі мен әлеуметтік педагог жұмысы.

Максаты: психологтардың атқарған жұмыстарына тоқталып, шолу жасап, атқарған жұмыстарына байданысты есеп беру.

Жұмыс жоспарының белгіленген негізгі бөлімдері мектептің оку тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес жасалынған. 2023-2024 оку жылында 42 класс және 3 даярлық топтары білім алды. Психологиялық жұмыс жоспарына сәйкес мектеп проблемасы бойынша жұмыс жүргізілді.

Мектебіміздің 2023-2024 оқу жылының басында контингент бойынша-711 оқушы қабылданып, оқу жылы соңында 716 оқушы бар. Оқушылармен психологиялық диагностика жұмысын жүргізу мақсатында ата-аналардан келісім шарт алынды. Келісім бермегені-4 атаана. Мектептің психологиялық қызметінің жұмыс жоспары құрылды.

#### Психолог кызметінін негізгі максаты:

- Мектеп оқушыларыны жеке тұлға ретінде қалыптасуына, олардың шығармашылық мүмкіндіктерінің ашылуына, қабілеттері мен бейімділіктерінің дамуына көмектесу, психологиялық ерекшеліктерін терен зерттеу.
- 2) Оқушының психологиялық және тұлғалық дамуына ықпал жасау.
- 3) Мұғалімдер ұжымында психологиялық ахуалды қалыптастыру.
- 4) Ата аналар үшін психологиялық сауаттандыру, білім беру сабақтарын ұйымдастыру.


Психологиялық қызметтің атқару жүйесі төмендегідей бағытта жүргізілді.

- 1.Окушылармен жұмыс
- 2.Педагог кадрлармен жұмыс
- 3. Ата аналармен жүмыс

### 1.Окушылармен жұмыс.

Жылдық жоспардан айлық, аптаға бөлінді. Қыркүйектің бірінші аптасы бойынша сыныптардың тізімі алынды Екінші аптасында бірінші сыныпқа келген окушылармен танысып, диагностика жүргізілді. 1-сыныпқа 67 окушы қабылданды. Окушылардың мектепке бейімделуі мен даму денгейін анықтау мақсатында психологиялық-диагностикалық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Әдісі: Керн - Йеррасек. Мақсаты: Окушылардың мектепке психологиялық дайындығын, бейімделуін анықтау. Сынақ қорытындысы бойынша окушылардың мектепке психологиялық дайындығы темендегідей.





Жоғары денгей 18% Ортанна деңгей 62,5% Темен денгей 18 % Жогары денгей 27% Органия денгей 55% Томен пенгей 16% Жогары денгей 50% Органия денуей 38% Томен денгей 11% Жогары денгей 75% Органіа деньей 12,5% Томен денгей 12,5%

1 класс оқушылары жалпы даярлық тобында болған, жалпы оқушылармен жазба әріптерге көп көңіл бөлу керек. 1 класс оқушыларымен «Кел танысайық» такырыбында психопрофилактикалық жұмыс жүргізілді. Қыркүйек айында 5 класс окушыларының бір - бірімен қарым - катынастарын нығайту максатында "Сәтті кадам!" тақырыбында топтық тренинг - жаттығулар өткізілді. Оқушылар бірлесе отырып түрлі жаттығулар орындап, ситуациялық жағдайларға, сұрақтарға жауап берді. Сонымен қатар, оқушылардың ойлауын, мағынасы бойынша есте сақтауын, киялын дамыту мақсатында зерттеу жұмыстары жүргізілді.Нәтижесінде сынып жетекшілерімен бірлесе отырыс өткізіліп, зерттеу жұмыстарының нәтижесімен таныстырылды. Биылғы оқу жылында 15 жанадан келген оқушы тіркелді. Қыркүйек айы бойы окушылар сырттай бақыланды. Және окушылардың оку мотивациясын анықтау мақсатында Н.Г.Лусканова сауалнамасы жүргізілді. Нәтижесі: Оқу мотивациясы жоғары - 40 %, орта деңгей 60%.

Қыркүйек айында «Сенім жәшігі», республикалық, облыстық, аудандық, мектепішілік сенім телефондарының номерлері окушыларға таныстырылып, мектептің инстаграмм және ақпарат тақтасына мәліметтер ай сайын жарияланды. Сонымен қатар, буллинг, кибербуллинг пегеніміз не? Одан қалай қорғанамыз тақ инстаграми парақшасына видеороликтер жарияланды.

Қазан айында 5 класс окушыларының орта буынға бейімделуін анықтау мақсатында зерттеулер жүргізілді. Сынып ұжымы мен эрбір оқушының жеке тұлғасының дамуын зерттеу.Оқушылардың орта буынға бейімделуін анықтау.

Осы оку жылында 4 қазақ,1 орыс - 5 "А", 5 "Ә",5 «Б»,5 «В»,5 «Г» кластары білім алуда. 5 класс окушыларын зерттеу төмендегі әдістермен жургізілді.

1. Оку мотивациясын анықтау "Лусканова" сауалнамасы

2. Социометрия әдісі (Окушылардың бір - бірімен қарым - қатынасын, сыныптағы өзара ортасын анықтау

3. Танымдық қабілеттері зерттелді

Корытынды: Жалпы суре

Сонымен қатар, топтық тренинг - жаттығулар өткізілді.

10 класс окушыларының оку мотивациясын анықтау мақсатында Н.Г.Лусканова сауалнамасы жүргізілді. Нәтижесінде оку мотивациясы төмен окушы анықталмады. 8-11 класс окушылар арасындағы зорлық - зомбылықты анықтау максатында анонимді түрде сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесі өнделіп, окушыларға зорлық – зомбылықтын алдын –алу максатында жадынама таратылды. Қазан айында 6-8 класс окушыларының агрессия деңгейін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде шкаласы жоғары окушы анықталмады. Ерте жүктіліктің алдын алу максатында кыз балалардан анонимді сауалнама жүргізілді. Қазан айының 4 ші аптасында 9-11 класс окушыларының мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында «Спилбергер - Ханин» психоднагностикасы жүргізілді. Нәтижесінде:

(Ц.Д.Спилбиргер-Ю.Л.Ханив) диагностикасы жүргізілді.

Зерттеу мақсаты: Жеке және жағдайға байланысты (реактивті) алаңдаушылық (мазасыздықты) диагностикалау.

| Класс   | Барлыгы | Қатысқаны | Жагдайга<br>байланысты<br>аландаушылық<br>( мазасыздық) | Жеке аландаушылык<br>(мазасыздык) |
|---------|---------|-----------|---|-----------------------------------|
| 9       | 54      | 52        | •   | 15                                |
| 10      | 46      | 46        | 1   | 9                                 |
| 11      | 31      | 31        | 1   | 5                                 |
| Барлығы | 131     | 129       | 2/1,3%  | 29/22,5%                          |

Жартылай сұқбат жүргізіліп, нәтижесінде тәуекел тобына тіркелмеді. Кәсіби бағдар беру мақсатында 9,11 класс оқушыларының мамандыққа бейімділігін анықтау мақсатында «Климов» диагностикасы жүргізіліп, кәтижелері оқушылар мен ата — анадар назарына таныстырылды. Мамандық таңдау барысында бейімділікті ескеру керек екендігі ұсынылды. Қараша айында 2-4 класс оқушыларының танымдық қабілеттері — көріп есте сақтау, естіп есте сақтау, зейіннің бөлінуі зерттелді. Нәтижесінде: төмен көрсетіліген оқушылардың класс жетекшілері мен пән мұғалімдеріне қосымша жұмыстар жасау ұсынылды. 5-11 класс оқушыларының қарым — қатынасын анықтау мақсатында Дж.Морено социаметрия әдісімен сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде 119 лидер оқушы анықталды. Оқшауланған, шеттетілген оқушы анықталды анықталды анықтау мақсатында 8-11 класс оқушыларынан ШТУР тесті жүргізілді. Ақыл — ой деңгейі жоғары 6 оқушы анықталды. Қаңтар айында 6-8 класс оқушыларының агрессия деңгейін анықтау мақсатында қайта диагностикалау жүргізілді. Нәтижесінде жоғары көрсеткі анықталмады. Ақпан айында 9-11 класс оқушыларының стреске төзімділігін диагностикалау мақсатында Э.Ховард «Стресс саған қалай әсер етеді?» диагностикасы жүргізілді. Нәтижесінде 1 оқушыда жоғары көрсеткіш анықталып, жартылай сұқбат жүргізілді. Тәуекел тобына алынбады. Ұсыныс кеңестер беріліп, бақылауға алынды. Сәуір айында 5-8 класс оқушыларының мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында А.М.Прихожан диагностикасы жүргізілді. Нәтижесінде жоғары көрсеткіш анықталмады. Тәуекел тобына оқушы тіркелмеді.

Мектеп психологының 2023-2024 оку жылының тоқсандық жұмыс жоспарының қыркүйек, қазан айларында I кезең, сәуір айында II кезеңге сәйкес келесідей жұмыс жүргізілді:

1. Даярлық класс оқушыларының мектепке психологиялық дайындық деңгейін анықтау.

2. Даярлық класс оқуппыларын бейімделу мақсатында бақылау.

3. Даярлық класс оқушыларының бейімделуі туралы мұғалімдерге кеңес беру.

4. Даярлық класс окушыларының бейімделуі туралы ата-аналарға кеңес беру.

2023-2024 оку жылында даярлык сыныпқа қабылданған окушылардың мектепке психологиялық дайындығын анықтау үшін окуппыларға скі диагностикалық әдістеме жүргізілді. Олар: «Моншақ», «Өрнек» әдістемесі және «Әрекетті тандау» әдісі.

Тестілеуге барлығы – 3 топ бойынша 56 бала қатысты.

«Моншақ» әдістемесі. Бұл әдістемеде баланың оқу әрекетінде есту арқылы шарттарды қаншалықты дұрыс қабылдаған мүмкіндіктерін табу. Мұнда балаларға 5 дөңгелек моншақ салу тапсырылады, оның ішінде 1-ші және 3-шісін бөлу ұсынылады.

«Өрнек» әдістемесі. Бұл әдістемеде қолдың ұсақ буындарының даму деңгейін анықтауға, логикалық ойлауын, шарттарды қаншалықты дұрыс қабылдағанын анықтайды.

Даярлық тобында зерттеу кыркүйек және сәуір (қайта диагностикалау)айларына жоспарланды

Алынған нәтиже оқу жылының соңындағы мәлімет, оны мынадай пайыздық көрсеткішпен көрсетуге болады: мектепте оқуға дайындық деңгейі

оте жоғары балалар - 10 /17,8%, жоғары дайындық деңгейі -8/14,2%, орташа дайындық деңгейі - 30/ 53,5 %, төмен дайындық деңгейі - 8/14,2%.

1.1.Тәуекел тобындағы оқушылармен жұмыс.

Мектепішілік бақылауда оқу жылының басында 1 оқушы (Артықбай Н - 9 класс) оқу жылының соңында 3 оқушы болды. (Артықбай Н, Қолғанатов Е, Тәкен Н) Жыл басында мектеп психологының тәртібі қиын оқушылармен жасалатын жұмыстардың жылдық жоспары құрылып, жоспарға сәйкес оқушылармен диагностикалық зерттеу, құқықбұзушылық пен қылмысты болдырмау және алдын-алу максатында мектеп әкімшілігімен, ПБ инспекторымен, сынып жетекшілерімен бірге көптеген жұмыстар аткарылды. Мектепішілік есепте тұрған 3 окушының жеке папкасы жасақталып, жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді. Әр класс жетекші өз

окуппыларына жоспар құрып, түрлі қоғамдық шараларға тартып, тәртібі мен біліміне аса үлкен мән берілді

2023-2024 оку жылында өгей экемен тұратын 3 қыз бала, қаңтар айынан бастап өгей анамен тұратын 1 қыз бала, 2 ер бала тіркелді. Статустағы оқушылар жыл бойы бақылауда болды. Тоқсан сайын оқушылардың тұрмыстық жағдайларына мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілерімен үйлеріне акт жасалып тұрды. Ата – аналармен профилактикалық әңгімелесулер жүргізіліп тұрды. Жалпы окушылар себенсіз сабақтан қалмайды. Мектептің қоғамдық шараларына белсенді қатысып, оқушылардың психоэмопионалдық жағдайы қалыпты екені анықталды.

2023-2024 оқу жылында ерекше оқытуды қажет ететін 7 оқушы, денсаулық жағдайына байланысты 3 оқушы тіркелді. Жыл бойы ерекше оқытуды қажет ететін оқушылармен түрлі бағыттағы түзету – дамыту сабақтары жүргізілді. Денсаулық жағдайына байлнысты

үйден оқитын оқушылармен де түзету – дамыту сабақтары, ата – аналарымен эңгімелесулер жүргізілді.

2.Педагог кадрлармен жұмыс. 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары құрылып, бектілді. Педагогикалық кеңестерде мыналай тақырыптарды қозғалды: «Білім беру мекемесінде зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмыстары», «Білім алушылар арасындағы аутодеструктивті (суицидтік) мінез-кұлықтың алдын алу», ІІІ тоқсанның аяғында және мектепішілік ППК отырыстарына қатысып, 1,5,10 кдасс адаптациялық жағдайына (психологиялық диагностика нэтижелері арқылы) талдау жасалды және облыстық ПМПК қарауына ұсынылатын балалар анықталды. Сонымен қатар, жас мамандардың қатысуымен топтық тренингтер жүргізіп, 11 класс оқушылары, ата – аналары және пән мұғалімдерінің қатысуымен тимбилдинг ойындары жүргізілді. Оқу жылының барысында 15 класс жетекшіге психологиялық кеңес берілді.

3.Ата – аналармен жұмыс.

Қыркүйек айында «Баланыз мектепке дайын ба?» 1 класс окушыларының ата - аналарымен жиналыс өткізілді. Максаты: баланың мектепке бейімделуіне психологиялық көмек беру. Қазан айында 5 класс оқушыларының ата -аналарымен «Бейімделу баспалдағы» тақырыбында жиналыс өткізілді. Ұсыныс -кеңестер беріліп, жадынамалар таратылды. Балалар арасында буллинг, кибербуллингтің алдын алу мақсатында 5в,6ә класс ата-аналар жиналыстарына қатысып, профилактикалық шара жүргізілді. Қазан айында 25 класс ата-аналар жиналысына қатысып, «Күшіміз бірлікте» тақырыбында жаттығулар жүргізіліп, ата – аналарға ұсыныстар берілді. Сонымен қатар5 а, э класс ата – аналар жиналысына қатысып, буллингтің алдын алу шаралары бойынша кеңестер, ұсыныстар беріліп, ата – аналарға жадынамалар таратылды. Қараша айында жалпы ата – аналар жиналысына қатысып, зорлық – зомбылықтың алдын алу мақсатында жадынамамен таныстырып, элеуметтік желілердегі қауіпсіздік, интернет желісіндегі адам өміріне қауіп төндіретін ойындар туралы акпараттар берілді.

Желтоқсан айында 11 класс ата – аналар жиналысының қатысып, ҰБТ -ға байланысты психологиялық кеңес берілді. Акпан айында 5 в класс экслер жиналысына қатысып, экслермен коучинг – тренинг жүргізілді. Мамыр айындамектепішілік жалпы ата – аналар жиналысына қатысып, ата – аналармен топтық жаттығулар жүргізіліп, зорлық зомбылық, буллинг, құқықбұзушылық, ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында ұсыныс кеңестер берілді.

4. Ағартушылық (психопрофилактика) жұмыс.

2023-2024 оку жылында мектепте жүргізілген психопрофилактикалық жұмыстар саны -28, оның ішінде окушылармен -16, мұғалімдермен

-2, ата-аналармен- 10. Кейбір шаралар оқушы, ата-ана, мұғаліммен қатар жүргізілді.

Ағарту, алдын-алу жұмыстары оқушылармен бірге педагогтармен де, ата-аналармен де жүргізілді. Жалпымектептік ата-аналар жиналыстарына қатысып, баяндамалар оқылды. 1,5 класс ата-аналарына «Отбасы – өмір аясы» тақырыбында ата-аналармен кездесу, «Окупныларға психологиялық көмек», «Жасөспірімдер арасындағы буллинг, кибербуллингтің алдын алу», «Отбасылық дәстүрлер: Педагог-бала-ата-ана» үштік одағы атты дөңгелек үстел, «Мамандық таңдау – маңызды және жауапкершілікті іс» атты бітіруші сынып ата-аналарымен дөңгелек үстел, «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының ашылу салтанатына арналған АТА-АНАЛАР СЛЕТІ агарту жұмыстарын өткіздім.

Кыркүйек айында окушыларға «Сенім жәшігі», «Сенім телефондары» таныстырылды. Окушыцлар арасында кұқықбұзушылық, буллингтің алдын алу мақсатында ауылдық уческелік полицей Қ.Ермекбаевтың қатысуымен 5-7, 8-11 класс оқушыларымен профилактикалық шара жүргізілді. Қазан айында ерте жүктіліктің алдын алу максатында «Қызым үйде, қылығы түзде» тақырыбымен профилактикалық шара болып өтті. Қыз балаларға тақырыптық видеороликтер көрсетіліп, сұрақтар талқыланды. Ұсыныс – кеңестер

берілді.

Сонымен бірге мектепішілік «Жарқыра, жайна, жас маман!» жас мамандармен семинарда тренинг өткізіп, кенес бердім, «Бүгінгі жас маман — ертеңгі ұлағатты ұстаз» атты мектепішілік семинарда жас мамандармен «Психологиялық жағымды ахуал калыптастыру» тренинг жүргіздім

Аудандық пәндік олимпиадаға қатысатын дарынды окушылармен «Жетістікке жету жолы» атты психологиялық тренинг өткізілді. Мектеп әкімпілігінің қатысуымен болған 11 сынып ата-аналарымен, окушылармен, пән мұғалімдерімен педагогикалықпсихологиялық консилиумға қатысып, «ҰБТ тапсыру кезінде окушыға психологиялық қолдау көрсету» тақырыбында ата-аналарға, мұғалімдерге 11 сынып окушыларымен жүргізілген диагностика нәтижесі таныстырылды, мамандық тандауға ұсыныс, кеңестер берілді.

8-11 класс ер балаларымен «Лудоманияға «ЖОҚ» де құмар ойындардан аулақ болуға шақыру мақсатында профилактикалық шара болып өтті. Қараша айында 6 класс оқушыларымен буллингтің алдын алуға топтық тренинттер, 9-11 класс окушыларынан құрылған топтық тимбилдинг, 7 класс оқушыларымен «Біз буллингке қарсымыз» тақырыбында топтық профилактикалық шаралар болып өтті.

5.Түзету – дамыту жұмыстары. 2023-2024 оқу жылында топтық 15 сабақ, жеке – 49 сабақ жүргізілді.
Түзете-дамыту сабағы мектеп бітіруші түлектердегі ҰБТ алдындағы стрессті басу, релаксация техникасымен коркынышты жою, эмоционалдық және кимыл-қозғалыс жаттығулары арқылы жүзеге асырылды. Сабақтарға окушылар жақсы қатысты, нәтижесінде психологияға қызығушылықтарын, козғалыс жаттығуларын белсене орындады. Түзету – дамыту сабақтары айына бір рет өткізіліп отырды.

Орта буын окушыларымен (5-8 сын.) және жоғарғы сынып окушыларымен (9-11 сын) түзете-дамыту жаттығулары жыл бойы өткізіліп отырды. Оның ішінде психологиялық тренингер (ой қорыту немесе миға шабуыл, мимикалық тренинг, сэлемдемелік хат, стресске қарсы релаксация т.б). Түзете-дамыту жаттығулары окушылардың өз сұраныстарымен де жүргізіліп отырды. Онда окушылардың адекватты өзін бағалауы, қарым-қатынасты дамыту, когнитивті процестерді дамытуға бағытталды.

Психологиялық түзете-дамыту жаттығулары пәндік олимпиадаға қатысушы дарынды окушылармен де жүргізілді. Онда дарынды окушылардың шығармашылық қабілеттерін ояту, танымдық белсенділігін арттыру көзделді.

Барлық психологиялық кеңес саны - 46

(оның ішінде оқушылармен - 21, мұғалімдермен - 15, ата - ана - 10)

"Сенім жәшігіне" - 2 ұсыныс хат түсті.

Аудандық шығармашылық топ құрамымен мектеп психологі Г.Сентова іс – сапармен Маржанбұлақ ОМ окушыларына психологиялық қолдау жұмыстарына ат салысты. Сонымен қатар, тірек мектептерінің (Бесқоспа ОМ, Тікқайың НМ) мектеп психологтарына әдістемелік көмек (құжаттарды рәсімдеу), окушылармен психологиялық түзету – дамыту сабақтарын өткізді. 2023-2024 оку жылының қорытындысы бойынша аудандық «Ұздік психолог кабинеті» конкурсында ІІ орынға не болды. Мектеп психологі Г.Сентова Ақтөбе облыстық тәжірибелік орталығының Алғыс хатына, пәндік олимпиада да І орынға не болды. Пәндік олимпиадада А.Досжанова І орынға не болды.

Олеуметтік педагогика - ортаның, қоғамның, тәрбиеге, әлеуметтенуге әсер ету факторын зерттейтін педагогиканың бір саласы. Мектептегі әлеуметтік педагогтың басты мақсаты - оқушыларға әлеуметтік көмек ұйымдастыру, тек көмек күтуші емес,проблеманы шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу, рухани жандуннесін танып білу, катарға қосу жұмыстарын ұйымдастыру.

Окушылардың білім беру ұйымдарында, отбасы мен элеуметтік ортада толыққанды дамуына, элеуметтенуіне кәсіби қалыптасуы мен өмірлік ұстанымын анықтауға жағдай жасауға ықпал ету.

Әлеуметтік педагогтың міндеттері:

- -окуппылардың психологиялық денсаулығын сақтау және нығайту,оларды шығармашылық және әлеуметтік маңызы бар қызметке тарту;
- отбасылық жайсыздықты, әлеуметтік жетімдікті, балаларға қатысты зорлық-зомбылықты анықтау және оның алдын алу, қоғамға жат қылықтың, бақылаусыздықтын, оқушылардың құқық бұзушылығын алдын алу, салауатты өмір салтын қалыптастыру,

-білім беру процесіне катысушылардың педагогикалык – психологиялық және құқықтық мәдениетін көрсету;

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, БҰҰ «Балалардың құқықтары туралы Конвенция», Қазақстан Республикасының Конституциясы, ҚР «Білім беру туралы заңы», ҚР «Неке және отбасы туралы заңы, «ҚР баланың кодексі, ҚР Қылмыстық кодексі, «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен құқықтары туралы заңы», «Патронаттық тәрбие туралы ереже», «Қорғаншылық және камқоршылық туралы ереже», ҚР Еңбек балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын-алу туралы» ҚР Заңын басшылыққа алады.

Мектеп бойынша элеуметтік педаготтың кызметтік функцияларына аз қамтылған жағдайы төмен, жетім, жартылай жетім және көп балалы отбасы балаларының тізімін жасау, «Жалпыға міндетті білім беру» корынан материалдық көмек берілетін тізімін шығару. «Мектепке жол" акциясын ұйымдастыру, аудандық және президенттік «Жасыл шырша» мерекесіне қатысатын окушыларды таңдау және жіберу, мектеп жанындағы лагерге жағдайы төмен отбасы балаларының тартылуын қадағалау, отбасылардағы зорлық-зомбылықтын алдын алу максатында әлеуметтік карта эзірлеу, мектеп асханасының жұмысын қадағалау және тегін ыстық тамақпен камтамасыз етілетін окушылардың тізімін әзірлеу және құжаттарын жинау, балалардың құқықтарын корғау жұмысымен айналысу, элеуметтік осап топтары окушылармен жұмысты ұйымдастыру, қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыру жатады, кеңес жұмысын ұйымдастыру жатады. Әлеуметтік педаготтың негізгі жұмысы психолог және тәрбие жұмысымен тығыз байланысты болып келеді. Жұмысты бастамас бұрын оқу жылының басында окушылардың әлеуметтік жағдайы зерттеліп, тексерілді. Сыныптар бойынша әлеуметтік жағдай тексерілгеннен кейін, мектептің әлеуметтік паспорты құрылды. Әлеуметтік паспортта вахталық режимде жұмыс жасайтын ата-аналар, жалғыз басты ата-аналар тізімі, жалғызілікті ата-аналар, қамқорлықтағы оқушылар, жартылай жетім отбасыларда тұратын оқушылар, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасыларды тұратын оқушылар, өгей ата-аналармен тұратын оқушылар, көп бапалы отбасыларда тұратын оқушылар анықталып, 1-11 сыныптар арасында тізім жасақталды. Соған орай әлеуметтік педаготтың жұмыс жоспары жасақталып, жүргізілді. 2023-

# 2024 оқу жылы бойынша әлеуметтік педагогтың атқарған жұмыстарының есебі

2023-2024 оқу жылының басында әлеуметтік педагогтың жұмыс жоспары құрылды. Жұмыс жоспарының басты мақсаты:

Мектеп окушыларын өмірге, қоғамға бейімдеу;

- Окушының элеуметтік ортамен жан-жақты қарым-қатынас ортасын құру.
- Ата-аналармен тығыз қарым-қатынаста болу;
- Окуппыларга элсуметтік көмек көрсету.

#### Міндеті:

- Оқушылардың өмір сүру жағдайын анықтау;
- Мүмкіндігі шектеулі оқушыларға элеуметтік көмек көрсету;
- Тәртібінде және мінез құлқында ауытқулар бар оқушылармен жұмысты жақсарту;
- «Бала құқығы туралы» БҰҰ конвенциясын сақтау.

2023-2024 оқу жылында жұмыс жоспарының бағыттарының ішіне мектеп оқушыларымен жүргізілетін профилактикалық шаралар, санитарлық талаптарының сақталуы, оқушылармен және сынып жетекшілермен жұмыс, құқық бұзушылық оқушыларымен жұмыс, ата-анамен жұмыс, қамқорлыққа алынған және мүтедек балалармен жұмыс, әлеуметтік жағдайы төмен және көп балалы отбасымен жұмыстар жүргізудің жұмыс түрлері қарастырылды.

1 тамыз — 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» акциясында күн көрісі төмен 1 отбасының 2 оқушысы Такен Нұрсұлтан мен Такен Алияға Бестамақ орта мектебінің биология пәні мұғалімі А.Куртекованың демеушілігімен 50 000 теңге көлемінде мектеп құралдары мен спорттық аяқ-киім және ақ жейде, футболқа, туфли алып берілді. Сонымен қатар, ата-ана Жумагалиева Салтанат Конысбайқызы көп балалы отбасында тәрбиеленіп жатқан 4-сынып оқушысы Рысжан Есетке 10 000 теңге көлемінде оқу-құралдарын алып берді. Бестамақ орта мектебінің әлеуметтік педагогі С. Рүстем демеушілік етіп, күн көрісі төмен отбасы балалары Байғана Қолқанатқа 10 000 теңге көлемінде мектеп құралдары алып берілді. Ата-ана Тыныпібаева Айымгұл Мейірханқызы күн көрісі төмен отбасында тәрбиеленіп жатқан 3-сынып оқушысы Байғана Ақботаға 40 000 теңге көлемінде оқу-құралдарын, мектеп сөмкесін және спорттық кастюм алып берді. Бестамақ орта мектебінің информатика пәні мұғалімі Ж. Қуатбай көп балалы отбасындағы Жолмырза Ақзереге 20 000 теңге көлемінде оқу-құралдары, юбқа, туфли алып берілді. Жалпы, «Мектепке жол» Республикалық акциясына барлығы 6 отбасы қатысты, 130 000 теңге көлемінде каражат жұмсалды.

І жарты жылдықта мектеп бойынша оқушылардың жалпы саны – 766, мектеп жасындағы – 711, мектеп жасына дейінгі – 55. Күн көрісі төмен отбасындағы бала саны – 54, қамқоршылық, қорғаншылық және патронаттық тәрбиедегі бала жоқ, аз қамтылған отбасындағы балалар саны – 22, үйден оқитын оқушы саны – 3, ерекше оқытуды қажет ететін оқушылар саны – 8, мектепішілік тізімде тұрған оқушылар саны − 1.

Қыркүйек айында сынып жетекшілерден I жарты жылдық бойынша сыныптың паспортын алып, сол бойынша мектептің әлеуметтік паспорты жасалынды. Үйден оқитын оқушылардың, тұрмыстық, денсаулық, жағдайымен, сабақ үлгерімін бақылау мақсатында үйлері араланды.

Ерекще оқытуды қажет ететін оқушыларға тұрмыстық акт жасалынды. Қыркүйек айында мемлекеттік атаулы элеуметтік көмек алатын 22 отбасы балалары және мемлекеттік атаулы әлеуметтік кемек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балаларға 64 қаулыға сәйкес жалпыға бірдей білім беру қорынан оқу жылының басында 54 оқушыға қаржылай көмек көрсетілді. Сонымен қатар, бұл ерекше санаттағы 76 бала және барлық 1-4 сынып оқушылары ыстық тамақпен қамтылды. Қорыта келгенде, барлығы 346 оқушы арнайы уақыт кестесімен тегін ыстық тамаққа барды. Асхана стандартқа сай жасақталып, ай сайын бракераж комиссиясы акт жүргізіп отырды.

Жоғары сынып оқушылары арасында құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша Бестамақ ауылдық округінің полицейі Қ. Ермекбаймен кездесу ұйымдастырылып, «Бала құқығы туралы» заңы мен БҰҰ «Баланың құқықтары мен мүдделерін қорғау» тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Халықаралық мүгедектер күніне орай «Жылы жүрек – жомарт кол» акциясы ұйымдастырылып, ЖасҰлан ұйымы, тәлімгер, әлеуметтік педагогтың демеушілігімен ерекше оқушы Сағатұлы Исламбекке дәрумендер, тәттілер апарып, дәрі-дәрмектерін алуға қаржылай көмек көрсетілді. Сонымен қатар, мүгедектер күніне «Бәрі де қолымыздан келеді» сурет байқауы өткізіліп, ерекше оқытуды кажет ететін оқушылар мектеп директорының мақтау қағазымен марапатталып, тәттілер сыйға тартылды.

«Армандар орындалады» қайырымдылық акциясы аясында үйден окитын 1 «А» сынып окушысы Шапай Санжарға Бестамак орта мектебінің мұғалімі А. Фазылованың атынан оку-құралдары табысталды.

Қазан айында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында сынып жетектімен бірлесе мектепітілік есепте тұрған 1 окушының үйіне тұрмыстық акт жасалды және мектеп психологі әңгімелесу жүргізіп, сауалнама алынды. Сонымен қатар, жоспарға сәйкес окушыларға қайырымдылықты, мейірімділікті насихаттау мақсатында 5 сыныптар арасында «Жақсылық сабағы» өткізілді.

25 қазан — Республика күніне орай «Жанашыр жүрек» акциясы ұйымдастырылып, зейнеткерлік жастағы қарт ұстаздарымыздың үйіне барып, «Өзін-өзі басқару ұйымы» мүшелерімен біріге ауласын тазалап, кол көмегін көрсетілді.

Қараша айында ерекше оқытуды қажет ететін 2 оқушы Күншуақ сауықтыру лагерінде жолдамамен демалып келді.

«Ақ жүрек» еріктілер тобы және «Шебер колдар» үйірме оқушыларының қатысуымен «Қамкор қолдар мен мейірімді жүректер» акциясы ұйымдастырылып, қолонер жәрмеңкесін өткізді. Түскен қаражатқа күн көрісі төмен Танабергеновтар отбасына азық-түлікке көмек көрсетілді.

Аудан әкімінің атынан аз қамтылған және күн көрісі төмен отбасында тәрбиеленіп жатқан 5 окушыға жаңа жылдық сыйлықтар сыйға тартылды. Одан басқа мектеп арендаторы ыстық тамақпен қамтылған 346 окушыны және үйден окитын 3 окушыны жаңа жыл мерекесімен құттықтап, сыйлықтар табыстады.

П жарты жылдықта мектеп бойынпа окушылардыя жалпы саны – 771, мектеп жасындағы – 716, мектеп жасына дейінгі – 55. Күн көрісі томен отбасындағы бала саны – 54, қәмкоршылық, қорғаншылық және патронаттық тәрбиедегі бала жоқ, аз қамтылған отбасындағы балалар саны – 21, үйден оқитын оқушы саны – 3, ерекше оқытуды қажет ететін оқушылар саны – 7, мектепішілік тізімде тұрған оқушылар саны – 3.

Бестамақ орта мектебінде 2024 жылдың 03 сәуіріне үйден оқитын оқушы Абдрахимов Айболатты оқу ісі жөніндегі орынбасары,сының жектекшісі,пэн муғалімдері,психологтармен бірге 14 жасын арнайы дайындалған тортпен,цвармен құттықтап,сыйлығы табысталды.

Сәуір айының 12-сі 5-ші сыныптар арасында «Сен өз құқығынды білесін бе?» тақырыбында слайд арқылы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Оқушылардың ойын білу мақсатында ситуациялық сұрақтар койылып,психологиялық тренинттер,көнілді ойындар өткізілді. Оқушылар белсенді араласып,өз ойларын толық жеткізді.

Сәуір айының 29-ымен мамыр айының 10 аралығында ерекше оқуды қажет ететін 2 оқушы, үйден оқитын 1 оқушы «Күншуақ» сауықтыру лагеріне жолдамамен барып керемет әрі көңілді демалыс өткізіп келді. Демалыс барысында балаларға түрлі көңілді іс-шаралар өткізіліп, өз қолдарымен жасаған әсем ойыншықтар, бұйымдарымен бөлісті.

Жалпы мектептегі оқушыларға элеуметтік жағдай туғызу изтижесі талапқа сай жүргізіліп, ата-аналар тарапынан арыз-шағым болған жоқ

2023-2024 жылғы әлеуметтік қарта

| Ne   | Әлеуметтік санаттар   | 2023-2024 |
|------|---|-----------|
| . 46 | Барлық оқушылар саны:   | 716       |
| _    | Отбасы түрі бойынпа:  | 409       |
| 1    | Толық отбасылар   | 347       |
| 2    | Толык емес отбасылар  | 62        |
| 3    | Анасы жоқ балалар   | 7         |
| 4    | Әкесі жоқ балалар   | 77        |
| 5    | Кеп балалы отбасы   | 108       |
| 6    | Аз қамтамасыз етілген отбасы                                  | 21        |
| 7    | Жетімбалалар, ата-анасының қамқорлығынсыз калған<br>балалар   | 0         |
| 8    | Мугелек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар               | 0         |
| 9    | Азаматтығы жоқ білім алушылар                                 | 0         |
| 10   | Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім<br>алушыларды | 0         |
| 11   | Кэмелетке толмагандар ісі жиіндегі бөлімде<br>есептетұрғандар | 0         |

